

2 <https://egemen.kz/article/terrorizmmen-kures-turaly-zanga-ozgerister-tezirek-kabyldanuy-tiis-turysbekov>

3 Ақпарат көзі: strategy2050.kz..22.12. 2016ж

4. «Международный практикум для национальных координаторов по борьбе с терроризмом: обеспечение более согласованных усилий по борьбе с терроризмом на национальном и глобальном уровнях» Управление ООН по борьбе с наркотиками и преступностью. 2009 г

5. Панкова Л., Тарамухин Ю. Профилактика (предупреждение) экстремизма и терроризма. - М., 2010.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Сарсенбаева Д.Ж., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қазақстан Республикасының сыртқы функциялары оның Конституциясында белгіленген Қазақстан Республикасы аумағының біртұтастығын, бөлінбейтіндігін және қол сұғылмайтындығын көздейтін қағиданы қамтамасыз етуге бағытталған қызмет саласын қамтиды. Отанымызды қорғау, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекетіміздің аса маңызды функцияларының бірі.

Басқа мемлекеттердің аумағында тұратын азаматтардың құқығын қорғау жөнінде Конституцияның 11 – бабының 2 – тармағында былай делінген: «Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді»[1].

Мемлекетіміздің маңызды сыртқы функцияларының бірі – басқа мемлекеттердің азаматтарымен және қоғамдық бірлестіктерімен біздің республика азаматтарының және қоғамдық бірлестіктерінің қарым – қатынастарын нығайтуға ықпал жасайтын саясат, экономика, мәдениет, ғылым саласындағы байланыстарды жүзеге асыру болып табылады.

Мемлекеттің сыртқы функцияларына кіреді:

1. Басқа мемлекеттер мен әлеуметтік – экономикалық, саяси, әскери және мәдени кеңістіктегі әріптестік;

2. Елді қорғау және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3. Бейбітшілік және құқық тәртібін ұстап тұру;

4. Соғыстарды болдыртпау, қарусыздандыру, ядролық және басқа жаппай қырып жою қаруын жою;

5. Халықаралық терроризммен күрес;

6. Төтенше жағдайлар мен апаттар нәтижесінде жәбір көрген тұлғаларға көмек көрсету;

7. Қазіргі замандағы глобальді мәселелерді шешудегі әріптестік [2, 77].

Мемлекеттер арасында екі жақты пайдалы қарым – қатынас қалыптастыру. Қазіргі заманда мемлекетаралық қатынасты қоғамның барлық саласын қамтуға байланыстыруға болады: біріккен өндірістер, фирмалар, ұжымдар құру, бірігіп ғылыми зерттеулер жүргізу т.б. іс – әрекеттержасау.Бұдан мемлекеттер ұтылмайды, керісінше ұтыстары молаяды.

Мемлекеттің сыртқы функциялары оның қызметінің халықаралық аренадағы негізгі бағыттарын көрсетеді. Мемлекеттің сыртқы функциясы мемлекеттің сыртқы мәселелерін шешуге арналған, басқа мемлекеттермен қалыпты қарым - қатынасты бекіту мен ұстап тұру және сыртқы агрессия қаупінен ел қорғанысын қамтамасыз ету. Аталған екі функция мемлекеттің екі негізгі сыртқы функцияларын белгілейді. Дүниежүзіндегі қоғамдастықтың бүкіл мемлекеттермен өзара тиімді әріптестік және елді сыртқы шабуылдан қорғау.

Мемлекеттің сыртқы шабуылдан елді қорғау функциясы – оның қызметінің маңызды бағыттарын құрайды. Мемлекеттік ұйымдасқан қоғам дамуының бүкіл деңгейлерінде, сыртқы агрессорлардан ел бостандығы мен тәуелсіздігін, егемендігін және территориялық тұтастығын қорғау қажеттілігі пайда болады. Елді қорғау функциясы экономикалық, саяси, дипломатиялық және әскери тәсілдермен жүзеге асады. Бейбітшілік уақытта – бұл елдің сырттан жаулап алу қаупін басуға елді жан – жақты алдын ала дайындау.

Қазақстан Республикасының сыртқы функцияларының мақсаты – халықтың мүдделерін халықаралық аренада қорғау болып табылады. Сыртқы функцияларға мыналар жатады:

Отанды қорғау функциясы – барлық мемлекеттерге тән және ең маңызды функциялардың бірі болып саналады. Тәуелсіздікті сақтап, оның аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету әрбір мемлекеттің ең негізгі функцияларына жатады. Осы мақсатта мемлекетте қарулы күштер құрылды. Әскердің

дайындығы ең жоғарғы дәрежеде болып, сырттан жасалған шабуыл мен төнген қауіпке тойтарыс беруге әрқашанда әзір болуы тиіс. Қазақстан Республикасының 2 – бабының 2 – тармағы отанды қорғау функциясы туралы мынадай норманы бекітеді: «Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді», - делінген.

Елдің қорғаныс қызметі – мемлекеттің сыртқы функцияларының ішінде маңызды орын алады. Оның мақсаты басқа мемлекеттердің тарапынан болатын қауіп пен олардың агрессиялық әрекеттеріне қарсы тұру және қарсылық көрсету мүддесіне әскери потенциалды құру және байыту.

Басқа мемлекеттермен өзара тиімді қарым – қатынас жасау функциясы-жаһандасу кезінде бұл функцияның рөлі өте зор. Барлық мемлекеттер өздерінің экономикасын, ғылымын дамыту үшін дүниежүзі қауымдастығының озық технологияларын тиімді пайдалануы тиіс. Сонда ғана мемлекетте ғылым мен техника дамиды. Өзара қарым – қатынастар мемлекеттердің саяси, мәдени және экономикалық дамуларына өлшеусіз ықпалын тигізеді. Озық дәрежедегі мемлекеттердің жаңа технологияларын пайдаланады. Соның нәтижесінде мемлекет жаңа сапа деңгейіне көтеріледі, халықтың әл – ауқаты жақсарады. Бұл функцияның құқықтық негіздерін мемлекетаралық жасалған шарттар, келісімдер құрайды.

Мемлекеттің басқа бір сыртқы функциясы – көршілес, сондай – ақ басқа мемлекеттермен қатынасты жөндеу функциясының да мәні зор. Мұндай қатынастар мемлекетке әлемдік қоғамдастыққа кіруге, онда толық құқықты субъекті және партнер ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олардың нысаны әр түрлі – дипломатиялық қатынастар, қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық құрылымдар жағынан байланыстар. Мемлекеттер арасындағы қатынастарға ресми сипат пен жария мәртебе беретін дипломатиялық қатынастар ерекше роль атқарады. Олардың шеңберінде мемлекеттер арасында саяси, сауда – экономикалық, ғылыми – техникалық, мәдени және басқа да байланыстар нығайып, көптеген өмірлік мәселелер өзара түсіністік негізінде шешіледі. Белгілі бір жағдайларда (екі жақтың да ұмтылысы мен пайдасы болған кезде) мемлекетаралық қатынастар тығыз ынтымақтастық пен өзара көмек қатынасына айналуы мүмкін, ол жасалатын келісім – шарттардан (мысалы, достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімдер), сондай – ақ олардың үкіметінің міндеттемелерін сақтауына көбірек көңіл бөлуінен, бастамаларды өзара қолдаудан, аталған мемлекеттердің сыртқы саяси акцияларын үйлестіруінен көрініс табады [3, 103].

Мемлекеттік мүддені халықаралық дәрежеде қорғау функциясы – Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық саяси, мәдени ұйымдар арқылы мемлекеттердің өз халықтарының ұлттық экономикалық мүдделерін қорғауы. Жаһандасу заманында бұл функцияның да рөлі арта түседі. Әр халық өзінің экономикасын ұлттық ерекшеліктерін, дінін, тілін сақтап, дамыту үшін барлық күш жігерлерін жұмсайды. Күшті дамыған алпауыт мемлекеттердің сыртқы саясаттарында көрініс беретін экономикалық, әскери қысым жасау саясатына қарсылық көрсету, халық мүддесін қорғау мемлекеттің ең басты сыртқы функцияларының бірі.

Мемлекетаралық саяси ынтымақтастықты дамытып, жақсарту. Барлық мәселені бейбітшілік жолмен шешу. Бұл байланыс үш түрлі деңгейде жүргізіледі: парламентаралық, үкіметаралық және жергілікті басқару аппаратының байланысы. Бұл тұрғыдан мысалға Еуропалық одақты және тәуелсіз мемлекеттердің достастығын келтіруге болады.

Сыртқы функциялар мыналар болып табылады:

1. дүниежүзілік қоғамдастыққа кіру мақсатына басқа мемлекеттермен өзара тиімді экономикалық, саяси, ғылыми — техникалық, мәдени, әскери ынтымақтастықта болу;
2. сыртқы шабуылдан өзін қорғау, мемлекеттің шекарасын сақтап қалу;
3. жер шарында бейбітшілікті қамтамасыз ету, соғысты болдыртпау, қарусыздандыру, ядролық қаруды жою [4, 3].

Жаңа Астанамыз да халықаралық байланыстар орталығына айналуға күш салуда. Қазақстан 2000 – нан астам мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдер жасады, көптеген әлемдік, еуропалық, азиялық сәси және экономикалық ұйымдар мен одақтарға кірді, қысқа тарихи мерзім ішінде әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі атанды.

Мемлекеттің сыртқы саясатының табыстылығы көп ретте оның ұлттық мүдделерінің, сондай – ақ оларды жүзеге асыру жолдары мен құралдарының қаншалықты дәл анықталуына байланысты. Нақты анықталған және дұрыс түсінілген ұлттық мүдделер мемлекеттің өз сыртқы саясатын табысты жүзеге асыруының бірден – бір кепілі болып табылады. Саяси реализм бағытының негізін қалаушы Г.Моргентау ұлттық мүдделердің нақты, объективті құрамына салмақ салады. «Күшке негізделген мүдделер», Г.Моргентаудың теориясына сай , біріншіден, мемлекеттің әскери және экономикалық

қуаты, екіншіден, оның барынша қауіпсіз болуы мен гүлденуінің кепілі, үшіншіден, өзінің идеологиялық ұстанымдары мен рухани құндылықтарын тарату мүмкіндігінен құралады [5, 19].

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан дүние тәртібінің негізіне өзара тәуелділік және халықаралық қауымдастық мүшелерінің егеменді теңдігі принципі алынуы қажет», - деп мәлімдеді. Еліміздің ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету үшін, оның дербес күш орталығы және мықты аймақтық державаға айналуы қажет. Жетекші державалар Қазақстанның Орталық Азиядағы тұрақтандырушы рөлін, әлеуетін, сондай – ақ саяси, экономикалық реформалар жүргізудегі айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгенін жоғары бағалайды.

Сыртқы саясатта жақсы жетістіктерге жету үшін ең алдымен, аймақтық ынтымақтастық пен әріптестікті жан – жақты қолдаудың және, екіншіден, аймақта ұзақ мерзімді қауіпсіздікті қамтамасыз етуге Батыс және Шығыс елдерімен ынтымақтастықты дамытудың маңызы зор. Интеграция аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдаудың негізгі құралы болуы шарт.

Қазақстанның сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі – дүниежүзіндегі аса ірі держава Америка Құрама Штаттарымен өзара қарым – қатынастарды дамыту. Қазақстан онымен өз қарым – қатынастарын әріптестік деңгейге шығарған Орталық Азиядағы бірден – бір мемлекет.

Бүгінде Қазақстан мен Еуропалық Одақ бірін-бірі саяси, экономикалық және басқа да салада тұрақты серіктес ретінде қарастырып отыр. Сан-салалық, өзара қарым-қатынастардың қарқындылығы, жоғары деңгейдегі байланыстардың тұрақтылығы, сондай-ақ қол жеткізілген келісімдердің болашаққа бағыттылығы қазақстан-еуропалық серіктестіктің стратегиялық деңгейге шығып отырғанын паш етеді.

Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметі қазақстандықтардың шетелдік әріптестермен емін – еркін байланыстар орнатуына мүмкіндік береді. Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан - 2050» жолдауында: «Ұлттық мүдделерді қорғауды, сондай – ақ таяудағы және алыс перспективадағы күштердің тепе – теңдігін қамтамасыз етудегі біздің озық қаруымыз – интеграция саясаты, бірінші кезекте Қазақстанның, Қырғызстанның және Өзбекстанның арасындағы Орта Азиялық Одақты нығайту, қарсы тұру емес, басқа мемлекеттің істеріне араласпау, келісімге келу актілері үстем болуы тиіс» - деп атап көрсетті [6].

Өз қауіпсіздігіміз мен аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуға және көршілерімізбен берік және достық қарым – қатынаста болуға тиіспіз. Сондықтан ең жақын және тарихи достас көршіміз Ресеймен арадағы сенім мен теңқұқылы қарым – қатынасымызды дамытып, нығайта береміз. ҚХР – мен өзара тиімді негіздегі осындай сенім мен тату көршілес қатынастарымызды жалғастырамыз. Қазақстан Қытайдың гегемонизмге қарсы, көршілес елдермен достыққа бағытталған саясатын құптайды.

Біздің стратегиямыздың екінші құраласы – Америка Құрама Штаттарын қоса алғанда, басты демократияшыл индустриясы дамыған мемлекеттермен байланысын күшейту. Бұл елдер тәуелсіз және гүлденген Қазақстанды құрудың өздерінің ұлттық мүдделеріне сай келетінін ұғына бастады.

Үшіншіден, БҰҰ, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік, Азиялық, Еуропалық және Ислам даму банктері сияқты халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен қолдауын біршама пайдаланамыз, Бұл Қазақстанға халықаралық қауымдастық тарапынан қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Біздің стратегиямыздың төртінші элементі – еліміздің ұлттық егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау үшін сенімді негіз бола алатын бай табиғи ресурстарды игеру.

Бесіншіден – біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз. Қазақстанның мемлекеттілігін, ұлттық егемендігі мен тұтастығын нығайту жаңа Әскери доктринаның негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Ол күш пен құралдардың жедел қанат жаюын жүзеге асыруға қабілетті, ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін кәсіби армияның жасақталуын көздеуге тиіс [7, 42].

Тарихи дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, біз Ресеймен, Орталық Азия республикаларымен, ТМД- ның басқа мемлекеттерімен ынтымақтастықты кеңейтуге бірінші кезекте назар аударылуға.

Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы өркендеу жылдары оның басқа елдермен сыртқы байланыстарының жаңа мағына – мазмұнда орнығуымен және дамуымен сипатталды. Кез келген егемендікке ие болған мемлекет қысқа мерзімде өзін басқа мемлекеттердің, халықаралық қауымдастықтың мойындауына, тең деңгейде қарым – қатынастар жасауына қол жеткізу үшін күреседі. Бұл – тәуелсіз мемлекеттің сыртқы саясаттағы логикасы.

Қазақстан Республикасы сыртқы саяси қызметте біз жалпы ұлт таныған халықаралық нормаларды дәйекті түрде ұстанып, өзімізге алған міндеттемелерді қатаң орындайтын боламыз.

Сыртқы саяси қызмет Қазақстанның өз көршілерімен, дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен өзара тиімді қарым – қатынасының берік тұғырын қалыптастырады.

Қазақстан сыртқы функцияны тұрақтандыруда тұрақтылықпен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кепілі ретінде барлық мемлекеттермен тығыз қарым – қатынаста болады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы,. 1995 жылы 30 тамыз.// <http://www.zakon.kz/>.
- 2 Радько Т. Н. Функции социалистического права // Советское государство и право.-1977. - № 5. – С.77-80
- 3 Коробова А.П. О многозначности понятия "правовая политика" // Правоведение. - 1999.- №4.- С.156-165.
- 4 Өтебаев Н. Орталық Азиядағы геосаяси үрдістері // Ақиқат. -2003. - № 9. - Б.3-7.
- 5 Коробова А.П. Об особых свойствах правовых идей стратегического характера // Правовая политика и правовая жизнь. - 2003. -№ 2. - С. 19-24.
- 6 «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.inform.kz>
- 7 Сұлтанәлі Г. Әлемдік саясат аясындағы ұлттық мүдделер // Саясат. -2004. - № 3. - Б.42-43.

ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫН ЗЕРТТЕУ

*Амантаева Ж.А., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
(Ғылыми жетекші - Ахметова Н.С., з. ғ.к., профессор)*

Жаңа Қазақстанды қалыптастыру көптеген мәселелерді теориялық қайта мазмұндау қажеттілігін негіздейді және жасампаз күштерге жаңартудың тиімді жолдарын көрсететін ғылыми құралдарды ұсынуды қажет етеді. Біздің қоғамымызды демократиялық негізде қайта құру, оның өркениетті мемлекеттер қатарынан өзіндік орын алуы, басты құндылығы адам болып табылатын азаматтық қоғам қалыптастыру мәселелері мемлекет дамуының негізгі бағыттарын теориялық түсінумен қатар, оның үздік тәжірибесін қазақстандық шындыққа қолданудың мүмкін болатын жолдарын іздестіруді талап етеді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 мамырдағы Жарлығымен мақұлданған, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасына» тоқталсақ: «Тарихи тұрғыдан келгенде, мемлекет әдетте ұлттық мемлекет ретінде пайда болады, оның құрылтайшысы әрі әлеуметтік базасы белгілі бір этникалық қауым болып табылады. Этностың даму қисынының өзі-ұлттың өмірсүруі мен дамуының материалдық және рухани жағдайын қамтамасыз ететін құрал ретінде мемлекеттің пайда болу қажеттігін негіздейді. Мұның өзі тарихи және жалпы адамзаттық практика. Оған қазіргі замандахалықаралық құқық принципі мәртәбесі беріліп отыр, әрі мұның кез-келген ұлттың мемлекеттік өзін-өзі билеуге құқығының барекенін білдіреді. Міне, сондықтан да байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құру жөніндегі конституциялық қағиданы халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалар мен принциптерінің аясында қабылдау қажет» [1, 3].

Қазіргі тәуелсіз және құқықтық мемлекет құру кезінде, қоғамдағы жаңа дүниетанымдық көзқарастардың орын алуы мемлекеттің пайда болуының саяси-құқықтық тарихын кешенді түрде қайта қарауды талап етеді. Мемлекеттің пайда болу мәселелерін зерттеу танымдық, академиялық сипатта ғана емес, сонымен бірге оның саяси-тәжірибелік сипаты да болады. Ол мемлекеттің әлеуметтік табиғатын, оның ерекшеліктерін терең түсінуге, мемлекеттің пайда болуы мен дамуының себептері мен шарттарын талдауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында айтылғандай, біз «Мемлекет құру жолында теңдессіз, мол тәжірибе жинап, жаңа кезеңге қадам басып отырмыз» [2].

Қоғамдағы кез келген реформалар әртүрлі қоғамдық күштердің, саяси ұйымдардың мемлекетке қатысы туралы мәселені жаңа күшпен алға тартады, себебі қай заманда болмасын басқарушы және бағынышты органдар өмірсүреді, сендіру мен мәжбүретуді қатар қолданатын билік қызмет етеді, ал мемлекет билік құрушы ұйымдардың ерекше түрі болып табылады, онда биліктік бастаулар